



Тақырыбы:

*ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН,
ЖАМАННАН ЖИРЕН*

Сабақтың мақсаты:

- ❖ Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге және өмірде қолдана білуге үйрету.
- ❖ Жақсы мен жаманды салыстыра білу іскерліктерін дамыту;
- ❖ Балаларға жақсылық пен жамандықты ажырата білуге. бір - бірімен достық қарым - қатынаста болуға, үлкендерге құрмет, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу



Сабақтың барысы:

Жақсы болу өзіңнен

Жаман болу өзіңнен

Өзіңді өзің ая да,

Өзің үйрен өзіңнен.

Жамандық көрсең біреуден

Мен қандаймын деп ойла.

Жақсылық көрсең біреуден

Мен қандаймын деп ойла!

- Балалар бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы **“Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен”** деп аталады.
- -Біз бүгін **“Жақсы”** деген не?”, **“Жаман деген не?”** сұрақтары төңірегінде жақсы әрекеттер жасау, жақсыдан үйрену, жаманнан жирену адамды айналасын зор қуанышқа бөлеп, бақытқа жетелейтіні туралы айтамыз. Адам бойында жақсы-жаман қасиеттер болады


**Жақсылық жасау дегеніміз
адамдарға, айналаға, табиғатқа
қайырымдылық пен қамқорлық
жасауды, көмек көрсетуді
білдіреді. Адамдардың бір – біріне
жиі жақсылық жасауы, оларды
жақындас-тырады, достастырады.
Олардың бір – біріне деген
сыйластығы артады.**



Сөзжұмбақ шешу



		Ж	Ұ	Л	Д	Ы	З
Ш		А	Ң	Ғ	Ы		
		Қ	Ы	С			
М	Ы	С	Ы	Қ			
		Ы	Д	Ы	С		





		Ж	Ұ	М	Ы	Р	Т	Қ	А
	Ш	А	Ң	Ғ	Ы				
Д	О	М	Б	Ы	Р	А			
	Ш	А	Н	А					
		Н	А	Н					



**Жақсы
мен
жаман**





“Жақсы мен жаман”
өлеңі

**ЖАҚСЫ
ДЕГЕН НЕ?**




**ДЕГЕН НЕ?
ЖАМАН**



*Биязы мінез тіл алғыш,
Бал-бұл жаньп жүретін,
Бауырмалдық сол - ?*

*Беті-қолың кір-кір боп,
Берекесіз ыржақтап
Бейбастық өссең сол - ?*





*Үйдің ішін тазалап,
Үстіңе де қарайлап,
Үлгере алсаң сол - ?*

*Ұшып-қонып жүретін,
Шегірткедей жеңілтек,
Ұшқалақ болсаң сол - ?*




*Ашу деген бәледен,
Алшақ жүріп жанаспай.
Ақылды болсаң сол - ?*



*Ата –ананың ақылын,
Ала білмей кезінде,
Ақымақ болсаң сол - ?*





Адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Адам болатын бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек. Әдепті, ақылды балалар қандай болуы керек екенін мына өлең жолдарынан тыңдап көрсек.

Топтастыру

ЖАҚСЫ

АДАЛДЫҚ

МЕЙІРІМДІЛІК

ҚАМҚОРЛЫҚ

КӨМЕК

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



ЖАМАН


МАҚТАНШАҚ

ӨТІРІКШІ

ӘДЕПСІЗ

САРАҢ

ЕРІНШЕК



Жалғасын тап

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Жаман шайқап сөйлер, жақсы байқап сөйлер.

Жамандықты ұмыт, жақсылыққа ұмтыл.

Әдепті бала- арлы бала,

әдепсіз бала – сорлы бала.



Суретпен жұмыс





«Ойнайық та, ойлайық»

Үлкендердің алдынан кесіп өтуге болмайды.

Кішкентай баланы жылатуға болмайды.

Құстарды атуға болмайды


Сабақтан кешігуге болмайды.

Есікті керуге болмайды


Ауызды ашып есінеуге болмайды.

Үйге жүгіріп кіруге болмайды.

Не деу керек?



*Апаң сенің базардан
Алма сатып әперді.
Ең үлкенін жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?*




**Балалар жүр көшеде,
Естіледі айқай-шу.
Сен де шықтың, көршіңді
Қағып кеттің байқамай
Мұндайда не деу керек?**

**Осы келген бетінде
Допты қудың, жарыстың
Көшенің сол жетінде
Кезікті бір танысың
Ұмыттың сен не деуді?**



**Үй артында қоқысты
Жатқан көптен үйіліп.
Тазалайды қарт кісі
Белі зорға иіліп
Не дегенің жөн еді?**




**Ауыр сумка көтеріп,
Белі кеткен иіліп,
Келе жатты қарт ана.
Ербол қарсы кезікті,
Өте шықты жанынан.
Мұндайда не деу керек?**

ЖАҚСЫЛЫҚТАН ҮЙРЕНІП,
БОЛАМЫЗ БІЗ ЖАҚСЫ АДАМ.
ЖАМАНДЫҚТАН ЖИРЕНІП,
ҮЛГІ АЛАМЫЗ ЖАҚСЫДАН.




Сен маған, мен саған





Жақынды, досты аяла,
Қанатың сонда
талмайды.
Барыңды жұрттан
аяма,
Жақсылық жерде
қалмайды



**Ата –анамыздың, ата-
әжелеріміздің және
ұстаздарымыздың айтқан
ақыл кеңесін ойымызға
тоқып, жаман әдеттерден
аулақ болсақ, болашағы
жарқын, адамгершілігі мол
адам болып өсеміз.**

**Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**